

**ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ  
30 ЖЫЛДЫҒЫНА**

FTAMP 14.07.07

<https://doi.org/10.26577/JES.2021.v68.i3.01>**Г.А. Мұратбаева** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
e-mail: muratbaeva11@mail.ru

**ЖИЫРМА БІРІНШІ ҒАСЫРДАҒЫ  
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫНА ОЙЛАУ  
МЕН ІС-ӘРЕКЕТ ӘДІСНАМАСЫНЫҢ ЫҚПАЛЫ**

Мақалада жүйелі ойлау іс-әрекеті әдіснамасын ашып көрсететін «ойлау», «іс-әрекет», «ойлау мен іс-әрекет теориясы», «ғылыми ойлау», «іс-әрекеттің құрылымы», «іс-әрекеттің формасы», «оқу әрекеті», «еңбек әрекеті», «зерттеу әрекеті» терминдерге талдау жасалды. Зерттеудің мақсаты мен әдістері нақтыланды. Психологиялық-педагогикалық, философиялық әдебиеттерге шолу жасалынды. Әлемнің екінші ұстазы, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің ойлау туралы тұжырымдары беріліп, әлем философтарының ой-тұжырымдары талқыланды. Әйгілі ресей психолог ғалымдарының А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев еңбектеріндегі қарастырған ойлау мен іс-әрекет теориясына талдау жасалды. Ойлау мен іс-әрекет теориясын адам психикасы мен мінез-құлқымен байланыстыра отырып, белгілі психолог А.С. Выготский ойлау әрекетіне берген пайымдаулары ұсынылды. Ойлау әрекетінің әдіснамасын тұжырымдаған белгілі ғалым Г.П. Щедровицкийдің прагматикалық тұғырды жетілдіруде ғылыми ойлау, жүйелі ойлау әдіснамалық бағыты басшылыққа алынды. «Жүйе» ұғымына толыққанды түсінік беріліп, білім алушылар меңгеретін сыни ойлау, шығармашылықпен еңбек ету, зерттеу іс-әрекетін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған әрекеттер қатары талданды.

Нәтижелерді қорытындылауда ойлау іс-әрекетінің жүйесі ғылыми әдіснамалық зерттеудің маңызды құралы ретінде білім алушының оқу, еңбек, зерттеу, қарым-қатынас іс-әрекеттерін сипаттайтын сызба берілген. Күтілетін нәтижелер қатарында жүйелік зерттеулердің логикасы мен әдіснамасын ғылыми зерттеулердегі жүйелі талдауға баса назар аударылды. Білім алушылардың ғылыми әдіснамасы туралы түсінігінің жүйелі ойлау іс-әрекетінің қалыптасуына септігін тигізетін міндетті пән мазмұны мен оқыту нәтижелері ұсынылды.

«Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі мақсатын жүзеге асыруда оқулықтың құрылымы, күтілетін нәтижелері және білім алушылардың жетістіктерінің көрсеткіштері берілген.

**Түйін сөздер:** іс-әрекет, ойлау мен іс-әрекет теориясы, жүйелі ойлау, адам психикасы, оқу іс-әрекеті, еңбек ету іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, таным әрекеті, мағыналық құрылым, тұлғалық міндеттер, талдау мен топтау әрекеті, жүйелік зерттеулер, әдіснамалық ойлау, инновациялық әлеует.

G.M. Muratbayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,  
e-mail: muratbaeva11@mail.ru

**The effect of the methodology of thinking and action  
on the development of the education system in the twenty first (21st) century**

The article presents an analysis of the terms of systems thinking, revealing the methodology of the concepts of "thinking", "activity", "thinking" and "theory of activity", "scientific thinking", "structure of activity", "form of activity", "educational activity", "labor activity", "research activity". The objectives and methods of research have been clarified. The review of psychological, pedagogical, philosophical literature is carried out. The ideas and statements about the thinking of the great second teacher of the world Abu Nasyr Al Farabi are analyzed. The provisions on the theory of thinking and activity in the

works of famous Russian psychologists A.N. Leontiev, S.L. Rubinstein, B.G. Ananyev. The research is based on the directions of the developed methodology of the mental activity of the famous scientist G.P. Shchedrovitsky, who defined the pragmatic approach of scientific and systems thinking. The meaning of the concept "system" is revealed, where the learned critical thinking by students is studied, ensuring the development of their creative, research activities.

Summing up the results of mental activity in the system of scientific and methodological research, as an important tool, we schematically show the logic of the formation of educational, labor, research activities of students.

One of the important and significant indicators of our research was the description of the content and learning outcomes in the study of a compulsory discipline, contributing to the formation of ideas about the methodology of the science of students' mental activity. To implement the main goal of teaching the discipline "Philosophy and Methodology of Pedagogy", the structure of the textbook is outlined, the expected results and the achievement of certain indicators by teachers are disclosed.

**Key words:** activity, thinking, theory of activity, systems thinking, human psyche, educational activity, labor activity, research activity, cognitive activity, semantic structure, personal tasks, systemic research, methodological thinking, innovative potential.

Г.А Мұратбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы  
\*e-mail: muratbaeva11@mail.ru

### **Влияние мышления и методологии деятельности на развитие системы образования XXI века**

В статье изложен анализ терминов системного мышления, раскрывающий методологию понятий «мышление», «деятельность», «мышление и теория деятельности», «научное мышление», «структура деятельности», «форма деятельности», «учебная деятельность», «трудовая деятельность», «исследовательская деятельность». Уточнены цели и методы исследования. Проведен обзор психолого-педагогической, философской литературы. Проанализированы идеи и утверждения о мышлении Великого второго учителя мира абу Насыра аль-Фараби. Рассмотрены положения о теории мышления и деятельности в трудах известных российских психологов А.Н. Леонтьева, С.Л. Рубинштейна, Б.Г. Ананьева. В основу исследования положены направления выработанной методологии мыслительной деятельности известного ученого Г.П. Щедровицкого, определившего прагматический подход научного и системного мышления. Раскрыто значение понятия «система», а также рассмотрено критическое мышление обучающихся, обеспечивающее развитие их творческой, исследовательской деятельности.

Подводя итоги результатов мыслительной деятельности в системе научно-методологических исследований, как важного инструмента, схематично отображена логика формирования учебной, трудовой, исследовательской деятельности обучающихся. Одним из важных и значимых показателей нашего исследования явилось описание содержания и результатов обучения при изучении обязательной дисциплины, способствующих формированию представлений о методологии науки мыслительной деятельности обучающихся. Для реализации основной цели обучения дисциплины «Философия и методология педагогики» изложена структура учебника, раскрыты ожидаемые результаты и достижения обучающимися определенных показателей.

**Ключевые слова:** деятельность, мышление, теория деятельности, системное мышление, психика человека, учебная деятельность, трудовая деятельность, исследовательская деятельность, познавательная деятельность, смысловая структура, личностные задачи, системные исследования, методологическое мышление, инновационный потенциал.

### **Кіріспе**

Жаһандану заманында әлеуметтік және мәдени үдерістер жетекші әлемдік үрдіске ұласуда. Сол сынды білім беруге де жаһандану тән болып отыр. Жаһандану еңбек әрекетін интеллектуалды етуді жоғары білім берудің даму факторына айналдырды.

Қоғамдағы саяси-әлеуметтік жағдай білім беру үдерісіне жаңа талаптар қатарын қоюда.

Егемендіктің жалауы желбіреген Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайту жолында жоғары кәсіптік білім беруге жаңаша мән-мағына жүктеліп тұр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандай «елдің болашақ бағдарын айқындап берген рухани темірқазығы» қоғам алдында идеологияның маңызды үлгілерін жүйелі түрде ұсынуды талап етуде (Назарбаев, 2018) [1].

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік

сыйлықтың лауреаты Әбіш Кекілбай «бүгінгі адамзаттың басым көпшілігі гуманистік ақыл-ой ғылыми зерттеулері физиологиялық, биологиялық, эволюция сатысында қалыптасқан тұжырымдары адамзат санасының түбегейлі өзгеруіне және әр адамның жеке мүддесі басым маңызға ие болатын жағдайға әкелетінін» атап көрсетеді (Кекілбай, 2007) [2, 13].

Қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыты – интеллектуалдық ұлт қалыптастыру. Сондықтан «Интеллектуалдық ұлт – 2020» ұлттық жобасының мақсатын белгілегендей, білім беру үдерісін зияткерлендіру қажеттігі заман талабына сай еңбек етуді, ғылым мен оқу-ағарту саласында жаңаша ұлттық мәдениет қалыптастыру мәселесі кезек күттірмейтін міндеттердің біріне ұласуда. Сол интеллектуалды ресурстың бірі – бүгінгі жоғары мектеп педагогының ойлау мен іс-әрекет әдіснамасы.

*Зерттеу мақсаты* – жиырма бірінші ғасырдың білім берудегі ойлау мен іс-әрекет әдіснамасын педагогика философиясы тұрғысынан пайымдау.

### Зерттеу әдістері

Ғылыми әдебиеттерді зерделеу және талдау, теориялық талдау мен жинақтау, жүйелеу, модельдеу, түсіндіру; ойша эксперимент, салыстыру, ойлау іс-әрекеті әдіснамасына берілген философиялық, педагогикалық, психологиялық тұжырымдар мен пайымдауларға сүйене отырып, жалпы іс-әрекеттің құрылымын, түрлері мен формаларын, оның біртұтастығы мен мақсаттылығын нақтылай келе, тұлғаның іс-әрекетте белсенділік танытуын оқу, еңбек ету, қарым-қатынас жасау және зерттеу әрекетімен ұласатынын дәлелдей түсуде білім берудегі ойлау мен іс-әрекеттің мазмұны құрылымдалды; 2014 жылдан «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқыту барысында «8D01701 – Қазақ тілі және әдебиеті», «8D01101 – Педагогика және психология», «8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «8D01501 – Физика» білім беру бағдарламалары бойынша 32 докторант әдіснамалық даярлықтан өтіп, осы пәннің тәжірибелік-педагогикалық жұмыстарын жүргізу нәтижесінде тәжірибе жинақтады.

Зерттеуде ойлауды зерделеудің психологиялық тұғырлары жинақталып, еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жыл ішінде білім беру әдіснамасын дамытуға үлес қосқан заманауи педагогтердің еңбектері талданған.

### Әдебиеттерге шолу

Ойлау – адам танымының екінші басқышы, танымның жоғары сатысы. Ойлау – адамзатқа тән құбылыс, ал тіл – әр ұлттың, әрбір халықтың өзіндік өрнегі. Қылық пен іс-әрекеттің саналылығы, тоқтамға келушілік, батырлық пен ерлік, рухани жағынан жетілу, т.б. ерік-жігердің жақсы сапалары (Әл-Фараби философиясы, 2006) [3, 183]. Әлемнің екінші ұстазы, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фараби парасатты басты философиялық-дүниетанымдық ұғым ретінде мазмұндайды. Бұл ұғым ойлау мен болмыс, өнер мен ғылым диалектикасына, ал ғылымға баратын жол білім мен парасатқа негізделеді деп көрсетті ғұлама. Ақыл-парасат күшінің жәрдемімен адам ғылым мен өнерді меңгереді және мінез-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады, пайдалы мен зияндының, жағымды мен жағымсыздың айырмасын танитын болады. Ойлау күші арқылы адам интеллектуалдық пайымдағыш нысандарын аңғарады, сөйтіп өнер мен ғылымға ие болады, сұлулықты сұмпайылықтан айырады. Ойлау күші қиялдау, сезімдік және қоректендіргіш күш сияқты үстемділерді билеп төстейді. Әлденендей зат жөніндегі білім не ойлаушы күш арқылы, не қиял арқылы, не түйсік арқылы жиналмақ (Таубаева, 2020) [4, 7]. Ойлау – адам танымының ең жоғары сатысы. Ғұламаның тұжырымдары ойлау мен іс-әрекет теориясын түсінуде, жалпы шынайылық пен тазалық қажеттілігін алға тартатынын айта кету қажет.

Іс-әрекет теориясы XVIII ғасырда философияға ғылыми термин тұрғысынан (И. Кант) енгізіліп, XIX ғасырда Г. Гегель, Л. Фейербах, К. Маркстің еңбектерінде, XX ғасырда психология ғылымы тұрғысынан Л.В. Выготский, С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, А.Н. Бернштейн, А.Р. Лурия, П.Я. Гальперин, В.В. Давыдов, Н.Ф. Талызина зерттеулерінде талданды. Олар таным әрекетінде ойлау тетіктері мен құралдарын нақтылаған.

Ойлау дегеніміз, Сократтың дарынды шәкірті Платонның айтуы бойынша, «жан әрекеті», ол зерттеу әрекетіндегі қайшылықтар мен қарама-қарсылықтарды сезіне отырып, адам жанын ойлауға жетелеудің қажетті шарты болып табылады (Краткая философская энциклопедия, 1994) [5, 343]. Сонымен бірге, Платонның пікірінше, мазмұнды диалог құру үшін ойлау жүйрік болуы тиіс, одан соң жақсы идея шынайы ойға әкелетіні мәлім.

Аристотель адам ойлауының шыңы – ойдың тазалығы, түсінуі, сезінуінде деп пайымдады (Краткая философская энциклопедия, 1994) [5, 28].

И. Кант өз еңбектерінде тәжірибелік сын тұрғысынан қарастыра отырып, ойлау формасын түрлендіретін субъект ретіндегі адам болмысын белгілейді (Кант, 2007) [6, 113].

Философиялық көзқарастар ойлау іс-әрекетінің зерделенуі сонау адамзат жаратылысынан бастау алып, қоғамда адамның рухани тазалығын, танымдық сипатын, күш-қуатының көрінісі ретінде айғақталатынын дәлелдеп берген.

Педагогика ғылымында ойлау мәдениетін қалыптастыруда таным іс-әрекетін белсендіру үдерісімен байланыстыра қарастырады (И.А. Зимняя, А.П. Тряпицина, Г.И. Шукина), педагогикадағы ойлау іс-әрекеттік тұғыр тұсында жүйелі әдістер мен қағидалар қатарын зерделеген ғалымдар О.С. Анисимов, Г.А. Балл, В.Г. Беспалько, Ю.В. Громько, Ю.Н. Кулюткин, Г.С. Сухобская, Г.П. Щедровицкий.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерделеген ғалымдардың ішінде С.Л. Рубинштейн зияткерлік дамуда ойлау теориясын пайымдаған еді.

Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде осы бағытта ойлау іс-әрекетінің педагогикалық бағытын С.Т. Каргин, бірлескен зерттеу іс-әрекетін Т.Ф. Акбашев, А.Б. Терекулов т.б. қарастырған.

Отандық психология ғылымында ойлау мен іс-әрекет теориясын М.М. Мұқанов, С.М. Жақыпов, Ж.И. Намазбаева, М.А. Перленбетов дамытқан.

Сонымен қатар, ойлау мен іс-әрекет теориясын зерттеген отандық философ ғалымдардың Ж.М. Әбділдин, Ә.Н. Нысанбаев, М.З. Изотов, Р.К. Кадыржанов, А.Г. Косиченко, М.С. Орынбеков, К.Х. Рахматуллин, М.С. Сабитов, А.А. Хамидов, М.Ш. Хасанов, А.Р. Масалимова еңбектері жарық көрген.

Психология ойлауды танымдық іс-әрекет ретінде, оны қолданатын құралдардың деңгейіне тәуелді бірнеше түрлерге жіктеуді, олардың субъект үшін жаңашылдығын, оның белсенділігінің деңгейін, ойлаудың шынайлығын зерттейді. Ойлау – психикалық қызметтердің бірі (Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы, 9 том, 2006) [7, 7]. Үдеріс ретінде пайда болып, өмірлік іс-әрекетке байланысты дами отырып, салыстырмалы түрде өзінің мотивіне, мақсатына, тәсіліне және іс-әрекетке айналады (Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы, 9 том, 2006)

[7, 7]. Ойлаудың мағыналық теориясын жасаған А.Н. Леонтьев тұжырымдамасы ойлауды арнайы танымдық мотивтерден туындайтын және реттелетін адам іс-әрекетінің ерекше теориялық формасы ретіндегі орнықты жағдайларға негізделеді. Ойлау үдерістері өз психологиялық дәрежесі бойынша субъектінің мотив-мақсаты, эмоциясы, мағыналық құрылымдары, тұлғалық міндеттемелері, қажеттіліктерімен себептелетін басқа іс-әрекетке қосылуы мүмкін (Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы, 9 том, 2006) [7, 274]. Ойлау әрекет ретінде қарастырылады, оның мектептің маңызды міндеті балаларды ойлауға үйретуге қажетті сапа екенін көптеген ғалымдар мойындаған. Ойлау адамның мінез-құлқымен өмірлік әрекетіне тікелей өріле отырып, ол тәжірибелік, яғни, өмірлік қызмет атқарады (Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы, 9 том, 2006) [7, 7].

Ойлау мен іс-әрекет теориясын адам психикасы мен мінез-құлқымен байланыстыра отырып, әйгілі психолог Л.С. Выготский ойлау әрекетіне ерік пен сезім үнемі қатысып отыратынын айтады. Бұл жағдайда адамның білімі мен тәрбиесі, зияткерлігі мен эмоциясы оның негізгі психологиялық дамуын анықтайды деген ой салады. Психолог еңбегінде ұғымдардағы ойлауды – ұғымдар арқылы ойлау, ұғымдардағы ойлау, ұғымдық ойлау деп түсінуге болады деген тұжырым жасайды (Российская педагогическая энциклопедия. В 2-томах, 1999) [8, 178-179].

Ресей педагогикалық энциклопедиясында: «ойлау – адамның таным іс-әрекетінің қарым-қатынасы, зат пен құбылысты қабылдап, түсіну үдерісімен сипатталады» (Российская педагогическая энциклопедия. В 2-томах, 1999) [8, 279].

Ойлаудың ең маңызды ерекшелігі, ол зат пен құбылыстарды қабылдау арқылы талдау, синтездеу, ақпараттық және зерттеушілік даму деңгейінің өрістеуі. Сонымен бірге, ойлау операциясының табыстылығы дайын ақпаратты меңгеру және өз бетінше қорытынды жасау.

Психолог ғалымдардың әр кезеңдердегі пайымдауларына келетін болсақ, С.Л. Рубинштейннің пікірінше, ойлау тек әрекетпен сүйемелденіп қоймайды, әрекет – ойлаудың алғашқы түрі болып табылады. Демек, ойлау әрекет ретінде көрініс табады. Сондықтан ғалымдар ойлау әрекетінің үдерістік құрамын зерделейді (Философия науки: краткий энциклопедический словарь, 2009) [9, 10].

Ойлауды талдаудың бірлігі ретінде әрекет алынып, Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи психологиясындағы және А.Н. Леонтьевтің пси-

хологиялық теориясындағы ойлауды зерттеудің дәстүрлі әдістері басшылыққа алынады.

Ғалымдар, сондай-ақ ойлаудың құпиясы мен айрықша құбылысын алға тартады.

Біздің зерттеуімізге қызығушылық тудыратын еңбектердің бірі, ол ойлау әрекетінің әдіснамасын тұжырымдаған белгілі ғалым Г.П. Щедровицкийдің пайымдауынша, әдіснама жеке ғылым емес, өйткені ғылыми ойлауда ақиқаттың құрылымдары әрекет етеді, ал жобалар мен бағдарламаларды негіздеу әдіснаманың іске асырыла алатындығын көрсетеді. Жүйелі ойлау әрекетінің әдіснамасының негізі дәлелдеудің түрі ұйымдастырушылық іскерлік ойындар болды. Біздің ойымызша, ғалым кеңес философтарының ішінен педагогикада прагматикалық тұғырды жетілдіруге үлкен үлес қосқан ғалымдардың бірегейіне жатады. Бірақ, ол бұл әрекеттің ғылыми мазмұнын нақтыламады. Жалпы прагматика, прагматикалық ғылымдар кешені арқылы іске асады, себебі, әдіснаманы философиялық прагматика ретінде ғылымның идеалына қарсы қоюға болмайды (Щедровицкий, 1995) [10, 297].

Ойлау әрекеті деген ұғымды қалыптастырған, оның тұжырымдауынша, ойлау тәжірибелік әрекеттің құрамына енуі, әсіресе, ұжымдық жұмыстарды, оның ішінде оқу және зерттеу әрекетін аса қажет деп санайды. Ойлау әрекеті ұжымдық деңгейдегі метакәсіптік және метапәндік ойлауды ұйымдастырудың пайдалы құралы деп есептейді. Әрине, ұйымдастыру өте күрделі. Оның ойынша, әрекет шын мәнінде ойластырылған және әдеттегі деп қабылданады да ойлау деген ұғым өзінен өзі шеттетілуі мүмкін (Леонтьев, 1972) [11, 98].

Сонымен, ойлау әрекетінің формалары ретінде түсіну, талдау, ой тұжырымдары айтылады. Ойлау әрекетінде зат пен құбылыстарды түсінеміз, ал талдау жүргізу арқылы сол зат пен құбылыстардың байланысын ажырата аламыз. Енді ой тұжырымы негізінен мақсатқа жетудегі ойлау әрекетінің барынша мүмкіндіктерін қолдануға әкеледі.

Іс-әрекет түсінігіне берілген анықтамаларға тоқталайық.

А.Н. Леонтьев – іс-әрекет нақтылы үдерістер, әрекеттер мен операциялардың жиынтығы деп қорытындылады (Леонтьев, 1972) [11, 95].

Б.Г. Ананьев өмірде әрбір индивидке қажетті ойын, оқу, еңбек әрекеттері орын алады деп түйіндеді (Ананьев, 2001) [12, 48].

М.М. Мұқанов – «ой операциялары мен ойдан қорытынды жасауға және құбылыстардың

өзара байланысы мен талдау мен топтау әрекеті абстракциялау мен нақтылаудан тұрады», деп көрсетті (Мұқанов, 1980) [13, 147].

Аталған анықтамалар, жалпы іс-әрекеттің құрылымы, түрлері мен формалары, оның біртұтастығы мен мақсаттылығын нақтылап, біздің зерттеуіміздің нысанына сәйкес, тұлғаның іс-әрекетте белсенділік танытуы оқу, еңбек ету және зерттеу әрекетімен ұласатынын дәлелдей түседі. Іс-әрекет – белсенділік формасы деп қарастырылған жағдайда, ол қоршаған ортаға белсенділігі, әлеуметтік құбылыстарға деген қатынасымен анықталады. Іс-әрекет – ашық жүйе ретінде өзін-өзі дамыту болып есептеледі.

Педагогикалық-психологиялық ілімдерде іс-әрекет теориясы, адамның физиологиялық және психологиялық құбылысын қарастыра келе, адамды әрекет қуатпен, өмірлік күшпен қамтамасыз етеді деген пайымдаулар да бар.

Жоғарыда атап өткендей, іс-әрекет теориясын қарастыруда, С.Л. Рубинштейн адамның іс-әрекеті оның сана-сезімімен тікелей байланысқа түсуде еңбек өнімін беретінін, мұнда адамның идеясы, адамның қабілеті, адамның ұмтылысы қоғам мүдделері мен өндіріс өмірінің талаптарынан бастау алатынын дәлелдейді.

Адам дүниеге келгеннен бастап, мәдениет кеңістігінде өз идеясын, сезімін, эмоциясы мен қабылдау түйсіктерін дамытуға бейімделеді. Енді осы адамның іс-әрекетінің дамуында бірнеше факторлары әсерін тигізеді. Бірінші, ең маңызды білім беру факторы, адамның жаңа білімді меңгерудегі іс-әрекеті және сол білім мен білік арқылы мақсатқа жетуді көздейді.

И.А. Зимняя өз еңбектерінде оқу әрекетінің мынадай сипаттамасын береді. Оқу әрекеті:

- оқу міндеттерін шешуге, оқу материалын меңгеруге;

- ғылыми түсініктер қалыптасады, жалпы іс-әрекеттер құралын игеруге;

- субъектінің өзгеруіне әкеледі (Зимняя, 2009) [14, 191-194].

Іс-әрекет теориясында оқу әрекетінің мазмұнына сәйкес нәтижеге бағытталуы маңызды екені ескеріліп отырылады.

Ойлау іс-әрекет әдіснамасының құрылымында еңбек етудің әлеуметтік болмысы адамдардың қарым-қатынасын анықтайды. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде еңбек әрекеті, оның қызметі, мазмұны және адамдардың еңбекке жаңаша қатынастарының объективтік және субъективтік жақтары сипатталған. Адамның еңбек әрекеті оның әлеуметтік табиғатын бейнелейді, еңбек әрекеті негізінде

адамның қабілеті дамып, білімі жетіледі (Жиенбаева, 2015) [15, 99]. Еңбек іс-әрекетіне жаңаша қатынас адамның тәжірибесінен жинақталып, кейінгі әрекеттеріне негіз бола алады. Ол адамның рухани сұранысы мен меңгерген құндылықтар жүйесіне сүйенеді. Адамның еңбек іс-әрекетінде күтілетін нәтижелерін былайша топтастыруға болады:

- еңбек іс-әрекеті арқылы нәтижеге жету, құлшынысы мен бағдары болуы;
- күтілетін нәтижеге жетуде ойлау әрекетінің тетіктеріне сүйену;
- іс-әрекетте интеллектуалдық әлеуетін толығымен пайдалана білу;
- өз іс-әрекетінің субъектісі ретінде адамның жаңа идея ойлап таба алуы;
- тұлғаның өз әрекетінің құндылықты мақсатты құрылымын түсінуі;
- танымның әдістері мен құралдарын пайдалану дағдыларын меңгеруі.

Әрекет жасауға үйрету соңғы жылдары ерекше өзекті және сұранысқа ие болып отыр. Білім алушылар сыни ойлауға және өзінің таңдаған шешімі үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болуы қажет.

Қоршаған дүние заңдылықтарын танудың тағы бір жолы – білім алушының зерттеу іс-әрекетін дамыту үшін арнайы ұйымдастырылған іс-әрекеті. Бұл жағдайда қоғамдық тарихи және ғылыми таным үдерісінде мақсат пен оған жету құралдарының арақатынасын белгілеу қажет. Ғылыми танымда мақсатқа негізделген ақиқат, ғылыми аппарат, түрлі модельдеу және ғылыми нәтиже алу қажет болып табылады. Зерттеу іс-әрекеті ғылыми-зерттеу жұмысының кезеңдерінің бірізділігін және логикасын ескере отырып ұйымдастырылады. Білім алушының ұғымдық ойлауын қалыптастыру әдістемесін басшылыққа ала отырып, зерттеу әрекетінде ғылыми ақпаратқа, ғылыми мәтінге талдау жасау, зерттеу бағдарламасын құрастырудың негізгі ережелерін сақтауы қажет. Ең бастысы – білім алушыны ғылыми ақпаратты талдауға және жүйелеуге үйрету. Зерттеу іс-әрекетінің қызметі білім алушыдан педагогикалық үдерісті байқай алуды, келешекте терең зерделеуді қажет ететін мәселелерді, сұрақтарды көре білуге үйрету.

Сондай ақ, одан білім алушының оқу әрекетін талдай алу дағдысы қалыптасу керек.

Өз іс-әрекетінің күшті және әлсіз жақтарын зерделеуге қажет дағдыларын зерттеу әрекеті барысында пайдалануға үйретіледі. Бұл ретте негізгі идея білім алушы ғылыми-әдістемелік

жұмыстың логикасын ғылыми-зерттеу әрекетіне көшіре алу құзыреттілігін игеруге міндетті. Демек, бұл трансформация ғылыми-зерттеу әрекетінің жетекші әрекетке айналуына ықпалын тигізеді.

Зерттеу мақсатын ашып көрсететін қыры, білім берудегі ойлау іс-әрекет әдіснамасын жүйе негізінде қарастыру қажеттігі туындады.

Осыған байланысты «жүйе» ұғымына толыққанды түсінік беретін болсақ, ол ең алдымен оның философиялық еңбектерде «өзара қатынастар мен байланыстарда болатын, белгілі бір тұтастықты, бірлікті құрайтын элементтер жиынтығы» деп танылса, педагогика ғылымындағы «жүйе, «жүйелі ұстаным» ұғымдары жүйенің қызмет етуі оның ашықтығын, басқа жүйелермен сыртқы байланыстарының болуын көздегені айғақ (Мұратбаева, 2017) [16, 11]. Мұндай байланыстарды барлық жағынан қамтитын зерттеу жағдаятты жан-жақты түсінуге, демек, оқиғалардың дамуын болжауға, үдерістерді басқаруға, көзделген нәтижеге жетуге мүмкіндік беретінін нақтылайды.

Жүйелік зерттеулер ерекшеліктеріне сәйкес жалпы ғылыми және философиялық зерттеулердің тоғысу саласы, жүйелік зерттеулердің логикасы мен әдіснамасы, арнайы ғылыми-жүйелі әдістемелері, жалпы жүйе теориясын құру салаларына жіктеледі (Э.Г. Юдин, В.Н. Садовский). Жүйелік тұғыр диалектикалық материализмнің бөлінбес бөлігі. Жүйелілік тұғыр – нысанды *жүйе* ретінде зерттеу әдіснамасы (М.С. Каган, В.Г. Афанасьев және т.б.). Жүйелілік тұғыр «жалпы ғылымилығымен», «ғылыми білімнің көп салалығымен», «жалпы ғылымилықтың гносеологиялығымен» сипатталады (А.Д. Урсул және т.б.). Жүйелік тұғыр – нақты гносеологиялық жағдаяттағы диалектикалық әдістердің көрінісі. Сондықтан, жүйелік жалпы ғылыми әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр болып табылады.

Философия макрообъектілерді зерттеуде үш әдіснамалық тұғырды пайдаланады: *құрылымдық-қызметтік тұғыр* әлеуметтанудан, *құрылымдық тұғыр* – лингвистикадан, *жүйелік тұғыр* – жаратылыстанудан алынған. Осы тұғырларды педагогикалық түсіндіру пәнаралық әдіснаманы жасау факторы болып табылады (Журавлев, 1990); (Скалкова, 1989) [17, 18].

Біздің зерттеу нысанымызға сәйкес, білім берудегі ойлау іс-әрекеті тұрғысынан ой айтылған мәтінді зерттеудің мазмұнына қатысына сай сыни пайымдауды талап етеді.

Осы жағдайда, ғылыми зерттеулердегі *жүйелі талдауға* баса назар аударамыз:

- жүйенің тұтастай әрекетін зерттеу (тұрақтылық дәрежесі, жүйенің жабықтық және ашықтық, тағы басқа жалпы сипаттамасы);

- жүйе элементтерінің ерекшеліктерін, олардың өзара байланыстарын, жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етуші өзара сәйкестік талаптары ретінде әрекет ету қағидаларын зерттеу;

- неғұрлым жалпы деңгей жүйесіндегі оның қызмет ету қағидасы ретінде басқа кіші жүйелерге сәйкестігінің байланыстары мен қатынастарын белгілеу;

- нақтылы жағдаяттарға модельдеу нәтижелерін бейімдеу (Сериков, 2018) [19, 181].

Жүйелік талдау осы заманғы сипатында *жағдаяттық тұғырмен* үйлеседі.


Педагогика мен психологияны біріктірудің нәтижесі ретінде жаңа ғылыми пәннің тұжырымдамасын құру үшін, сондай-ақ, осы үдерісті оңтайландыру мақсатында, оның мынадай сипаттамасын ашу және негіздеу қажет: *ғылыми танымның нысаны және пәні, аталмыш ғылыми пәнді, негізгі зерттеу мақсаттарын объективті түрде анықтау; категориялық (ұғымдық-терминологиялық) аппаратын ғылыми білімді құрылымдау, ғылыми зерттеуді саралау; зерттеудің басым бағыттарын анықтау; зерттеу аппаратын құрастыру (ғылыми зерттеудің типологиясы мен әдістері); басқа ғылыми*

*пәндермен және салалармен байланыс сипатын нақтылау; практикамен байланысты орнату* (Бордовская, 2019) [20, 327].

### Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Қазіргі таңда педагогтар мәртебесі заң жүзінде бекітіліп, мемлекет оларға үлкен сенім артуда. Бұл жауапкершілік ұстазды оқушыны ойлауға, білім алуға, еңбек етуге, коммуникацияға, өзін-өзі жүзеге асыруға үйретуге және өзі де сол әрекеттер әдіснамасын үнемі үйренуге міндеттейді. Осы орайда педагогикадағы *табиғатқа сәйкестік, мәдени сәйкестік, азаматтық сәйкестік* ұстанымдарын білім мазмұнын жаңартуда басшылыққа алуды талап етеді. Аталмыш ұстанымдар әлеуметтік ғылымдарда басты қағида ретінде деңгейінде жүйелілік әдіснамасында көрініс табады.

Жоғарыдағы пайымдауларға сүйене отырып, біз білім берудегі ойлау мен іс-әрекеттің мазмұнын құрылымдадық (1-сурет). Қоғамдық тәжірибенің кеңеюі мен өрістеуі таным әдістерін қайта қарастыруды, жетілдіруді талап етеді. Ғылыми танымның дамуы барысында ойлау әдіс-тәсілдері жетіліп, әдіснаманың қайта құрылуына әкеледі. Сондықтан, әдіснама философиялық білімнің жеке бөлігі ретінде қарастырылады. Қазіргі кезеңде ғылымның дамуы оның әдіснамалық негізін жете зерттеумен сипатталады.



1-сурет – Жүйелі ойлау іс-әрекетінің логикасы

Бүгінгі күні әлемдегі болып жатқан құбылыстарды және пәнді тану сол үдерістің ойлау іс-әрекет заңдылықтарымен анықталады.

Ғылымда жүйелік тұғыр нысандарды (жүйелерді, құрылымдарды, үдерістерді) зерттеудің

әмбебап әдісі ретінде қарастырып, ұстаздар ішінен ширек ғасыр кафедра педагогиканың әдіснамасын үйретіп келе жатқан Шәркүл Таубайқызының еңбектері білім алушыларға ойлау іс-әрекеттің әдіснамалық жүйесін беру-

мен қатар, педагогикалық теория жасау үшін қажетті зерттеу тәжірибесі және педагогикалық шынайылықпен философияның байланысын қамтиды. Оның ұзақ жылдар зерттеу алаңы жас маман иесінің зерттеушілік әлеуетін қалыптастыруға бағытталған.

Ш. Таубаеваның Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы атқарған ғылыми-педагогикалық, ұйымдастырушылық, зерттеушілік тәжірибесі мен педагогикалық қызметі оның Республикада педагогиканың әдіснамалық негіздерін оқыту жүйесінің қалыптасуы, педагогика әдіснамасы және мектеп практикасына педагогика ғылымының жетістіктерін ендіруді жүзеге асыруына, атаулы мектептерді ұйымдастырып, олардың тәжірибесін республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми көпшілікпен таныстыруына және республикадағы басшы және ғылыми-педагогикалық мамандардың кәсіби деңгейін көтеруге, жаңашыл мұғалімдердің, пән әдіскерлерін оқыту жүйесін құруға, Бүкілодақтық және республикалық семинарларды ұйымдастыруға, ғылыми-педагогикалық білімді түрлі форумдарда насихаттауға арналды.

Таубаева Шаркүлдің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі № 1173 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді дайындаудың мақсатты Бағдарламасын ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыруға және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік тапсырысы бойынша жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары мен білім беру мазмұнына қатысты білім беру саясатын әзірлеуге, Болон декларациясы талаптарының ұстанымдары және құзыреттілік тұғырға негізделген жоғары кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының құрылымын жасауға, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ аясында оқулықтарды қазақ тіліне аудару және басып шығару жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға белсенді қатысуы нәтижесінде ол «Мұғалімнің зерттеу мәдениетін қалыптастыру тұжырымдамасын» жасады. Сондай-ақ, Ш. Таубаеваның жаңа типтегі мектептердің ашылуына, ел өңірлерінде инновациялық және зерттеушілік оқытудың ендірілуіне ықпал ететін жұмыстардың көшбасшысы болуына Тәуелсіздік жылдарындағы мемлекет тарапынан ғалымдардың қалыптасуына жасалған мүмкіндіктердің ролі зор болды.

Ғалымның еңбектері университет білім алушыларының жүйелі ойлау іс-әрекетінің қалыптасуына септігін тигізеді сөзсіз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2011 жылы «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» атты пәнді жоғары педагогикалық оқу орындарындағы «Білім беру» тобы мамандықтарының докторантурасының білім беру бағдарламасына енгізді. Бұл пән бойынша типтік оқу бағдарламасы, оқулықтар, оқу құралдары мен хрестоматия дайындалды, ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді, отандық және шетелдік басылымдарда пәннің ғылыми және әдістемелік мәселелеріне арналған мақалалар жарияланды (Таубаева, 2016) [21, 3775]. Аталмыш пән республикадағы бүкіл университеттердің білім беру үдерісінде міндетті пән ретінде оқытылуда.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бұл пәнді педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында профессор Ш. Таубаева жүргізеді.

Білім алушыға қажет Шәркүл Таубайқызының саналы өмірін ғылымға арнаған еңбек әрекеті құбылысты сипаттау (не?, қашан?, қайда?, қандай?, қанша?, қалай?), түсіндіру (неден?, неге?, не үшін?), болжау (не болады?, егер?) үшін қолданыстағы кілтті сөздері түрткі болуы абзал. Ғалымның пайымдауынша, қазіргі докторанттар үшін маңыздысы ауызша және жазбаша ғылыми-коммуникациялық қабілет, себебі олардың ғылыми жұмысты жазып дайындау барысында зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеу, зерттеуінің нәтижелерін ғылыми тілде түсіндіру, ғылым әдіснамасы туралы сайыстарға қатысу, өз зерттеуі туралы әдіснамалық семинарда сөйлеу, диссертацияның нәтижелерін негіздеу, оның оқу-жазу сауаттылығынан бөлек академиялық сөйлеу құзыреттілігін талап етеді. Бұл сауаттылықтың түрлері ауызша және жазбаша ғылыми-коммуникациялық құзыреттіліктің құрамына енеді. Сондықтан, докторант өз зерттеуінің көкейкестілігін, әдіснамалық және теориялық негіздерін, тұжырымдамалық құрылымын, эксперименттік алаңдағы тәжірибелік жұмысын, алынған нәтижелердің зерттеу мақсатын орындап, болжамын дәлелдегенін жазбаша және ауызша жеткізуге үйрететін арнайы міндетті оқу пәні жүргізіледі (Таубаева, 2016) [22, 4701].

Осы тұжырымдарға сүйене отырып, профессор Ш. Таубаева «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» (Таубаева, 2019) [23, 104] пәнінің құрылымын ұсынды (2-сурет).



«Педагогика философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі мақсаты – докторанттарға педагогиканың философиясы және әдіснамасын меңгерту арқылы олардың педагогикалық зерттеуді пайымдау және ұйымдастыру туралы әдіснамалық білімдерді пайдалану тетіктерін жетік игеруіне көмектесу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін Ш.Т. Таубаеваның «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнін оқыту жүйесіне *докторанттарды әдіснамалық ойлауға баулу, зерттеудің логикасын анықтау және оны жүргізуге үйрету, оларда ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен басқару, білім беру саласында стратегия мен тактика жасай алу, сараптама бере алу құзыреттіліктерін қалыптастыру* жұмысы енеді.

Бұл пән білім алушыларды педагогика әдіснамасының мағынасымен, құрылымымен, қызметімен, оның даму тарихымен, педагогикалық зерттеудің ғылыми, ұғымдық, өлшемдік аппаратын құрастыру әдістемесімен таныстырады. Пәнде жаңа тұрпаттағы педагогтің ғылыми-зерттеушілік мәдениетін қалыптастырудың авторлық тұжырымдамасына сәйкес педагогика ғылымының философиялық-әдіснамалық негіздері, оның пәнаралық байланыстары, әдіснамалық қоры, педагогика әдіснамасының даму тарихы, құрылымы, мәртебесі және міндеттері, парадигмалық және құзыреттілік тұғырлары, ғылыми-педагогикалық таным әдіснамасы мен әдістері жайлы іргелі білім беріледі. Осы пән бойынша білім алушыларға қажет логикалық-құрылымдық сызбалар, кестелер, білім тексеруге арналған сұрақтар, өзіндік жұмыстың тапсырмалары, тестілік тапсырмалар, әдіснамалық тезаурус ұсынылады, білім беру үдерісінде әдіснамашы ғалымдар еңбектері мен педагогика әдіснамасына арналған диссертациялар талданады. Пәнді оқытудың тұжырымдамалық негізі докторанттардың мәселелендіру, өзектендіру, тұжырымдамалау, модельдеу, эксперимент жүргізу, сондай-ақ ғылыми зерттеулерді сараптамадан өткізу мәселелерін терең түсінуіне қажет теориялық және қолданбалы материалдарды меңгертуге бағытталған.

Пәнді оқыту барысында педагогика философиясы мен әдіснамасының мазмұнын, педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы мен әдістерін, әдіснамалық білім беру саласындағы ғылыми білім матрицасы басшылыққа алынады.

Осы жүйені қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық, кәсіби, өмірлік, менталдық тәжірибесіне сәйкес технологиялар таңдалып алынды. Олар:

- оқытудың базалық техникасы;
- сыни ойлау технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- жеке тұлғаға бағдарланған оқыту технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- интерактивті оқыту технологиясы;
- жобалай оқыту технологиясы.

Бұл технологияларды іріктеу және олардың әлеуетін пайдалану педагогикадағы дидактикалық бірліктерді ірілендіру теориясына, гуманитарлық әдіснамаға, түрлі саладағы ғылымдардағы инновацияларға негізделіп құрылған және білім алушылардың жүйелі ойлау іс-әрекеті әдіснамасын пайдалану әлеуетін қалыптастыруға бағытталған, докторанттардың функционалдық сауаттылығын әдіснамалық құзыреттілікті меңгеру сатысына жеткізуді мақсат еткен. Пәннің өзі ғылым мен білім беру философиясына негізделгендіктен, эл-Фарабидің философиялық трактаттарында (тұжырымдарында) философияны үйренуден бұрын нені білу керектігі туралы айтылған кеңестерін профессор үнемі басшылыққа алады. Олар: бірінші – философ ғалымдар мектептерінің атын білу; екінші – Аристотельдің әрбір кітабының мақсатын білу; үшінші – философияны зерттеуге негіз етіп алынған ғылымды білу; төртінші – философияны зерттеу мақсатының маңызын білу; бесінші – философияны ұғынғысы келген кісінің дұрыс жолды таңдап ала білуі; алтыншы – Аристотельдің әрбір кітабының тіл ерекшелігін білу; жетінші – өзінің кітаптарын Аристотель не себептен тұспалдап жазғанын білу; сегізінші – философиядан белгілі бар адамның қандай күйде болуға тиіс екенін білу; тоғызыншы – Аристотельдің кітаптарын зерттегісі келетін адамға қажетті нәрселері. Осы ережелерді қолдану ретін, демек зерттеу тақырыбының философиялық заңдар, категориялар, тұғырлар, әдістер арқылы пайымдалуын нақты мысалдар арқылы зерделеп, көрсетеміз (Философские трактаты, 2014) [24, 37-38].

Осындай жүйенің іске асырылу үдерісі аталмыш пәнді оқыту нәтижелерінен көрініс табады. Сол себепті пәнді оқыту нәтижелері университеттің академиялық саясатына сәйкестендіріліп нақтыланды (1-кесте).



2-сурет – «Педагогиканың философиясы мен әдіснамасы» пәнінің логикалық құрылымы

1-кесте – «Педагогика философиясы және әдістемесі» пәні бойынша оқытудың күтілетін нәтижелері және білім алушылардың жетістіктерінің көрсеткіштері

Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН) Пәнді оқу нәтижесінде білім алушылар төмендегі қабілеттерді меңгереді:	ОҚ қол жеткізу индикаторлары, (ҚИ) (әрбір ОН 2 индикатордан кем емес)
Докторанттардың ғылым философиясы және әдіснамасы, педагогиканың философиясы мен әдіснамасы, педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен әдістемесі саласындағы жүйелі білімін, әдіснамалық мәдениетін қалыптастыру.	<b>ОН 1.</b> Педагогиканың философиясы және әдіснамасын зерттеу нәтижелеріне талдау жасаңыз, оларды ғылыми шолу түрінде жинақтаңыз.	<b>1.1.</b> Ғылымның философиясы және әдіснамасының негізгі ұғымдарының анықтамаларын жазып даярлаңыз; <b>1.2.</b> Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының негізгі ұғымдарының анықтамаларын жазып даярлаңыз; <b>1.3.</b> Педагогиканың философиясы мен әдіснамасының өзара байланысын дәлелденіз және педагогиканың философиялық бағдарларын негіздеңіз. <b>Бұл нәтижеге жету үшін докторант:</b> - ғылыми әдебиеттерді, сөздіктерді, энциклопедияларды, ғылыми есептерді, ғылыми шолуларды, мақалаларды, тезистерді контент-талдау мен терминологиялық әдіс арқылы зерттеу бағыттарына сай жүйелейді; - ғылым тұжырымдамаларының педагогиканың дамуына ықпалын анықтайды; - педагогиканың басқа ғылым салаларымен байланысын, дидактикалық, психологиялық бағдарларын негіздейді және пайымдайды.

	<p><b>ОН 2.</b> Ғылым философиясы тұрғысынан педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымын, мәнін, қызметтерін, даму кезеңдерін негіздеңіз.</p>	<p><b>2.1.</b> Педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымы жайлы көзқарастарға өз пікіріңізді білдіріңіз; <b>2.2.</b> Педагогиканың мәнін, қызметтерін және даму кезеңдерін сипаттаңыз; <b>2.3.</b> Педагогиканың ғылыми терминологиясына қойылатын талаптарды еске түсіріңіз. <b>Бұл нәтижеге жету үшін докторант:</b> - «ғылыми пән» мен «оқу пәні» ұғымдарының мағынасын нақтылайды; - педагогиканың ғылыми жүйе ретіндегі құрылымын және ұғымдық аппаратын ашып көрсетеді; - педагогика даму тарихын ғылым дамуының кезеңдеріне сәйкестендіру үшін «ғылыми революция», «парадигма» және «өркениет» сынды ұғымдарды басшылыққа алады.</p>
	<p><b>ОН 3.</b> Педагогика саласындағы әдіснамалық білім: белгілерін, даму деңгейлерін, пайда болу көздерін негіздеңіз.</p>	<p><b>3.1.</b> Педагогиканың әдіснамасы тұрғысынан зерттеу тақырыбының көкейкестілігін негіздеңіз; <b>3.2.</b> Педагогикадағы әдіснамалық ғылыми мектептердің даму генезисі туралы интеллект-карта сызыңыз; <b>3.3.</b> Педагогика әдіснамасы мәнін зерделеудің ғылымтанулық тұғырын нақты мысал арқылы сипаттаңыз. <b>Бұл нәтижеге жету үшін докторант:</b> - педагогика әдіснамасы мәнін зерделеу тұғырларының мағынасын түсіндіреді; - педагогика әдіснамасының мәртебесін, даму тарихын педагогиканың философиясы негізінде қарастырады; - педагогика әдіснамасының ғылыми мәртебесін, құрылымын, қызметтерін және әдіснамалық мәселелерді нақтылайды.</p>
	<p><b>ОН 4.</b> Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрылымын және педагогикалық құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тұғырларын зерттеуде қолданыс тетіктерін негіздеңіз.</p>	<p><b>4.1.</b> Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық негіздерінің құрылымын ашып көрсетіңіз; <b>4.2.</b> Педагогикалық құбылыстарды зерттеудің әдіснамалық тұғырлар жіктемесін түсіндіріңіз; <b>4.3.</b> Педагогикадағы гуманитарлық әдіснаманың әлеуетін дәлелдеңіз. <b>Бұл нәтижеге жету үшін докторант:</b> - педагогикадағы әдіснамалық бағдарлар, тұғырлар және ұстанымдардың әлеуетін зерделейді және әдіснамалық тұғырлардың мүмкіндіктерін өз зерттеуінің пәніне көшіру тәсілін қолданады; - өзінің докторлық диссертациясының тақырыбын таңдайды, оның өзектілігін негіздейді; - өзінің докторлық диссертациясының ғылыми және ұғымдық аппаратын құрастырады.</p>
		<p><b>5.1.</b> Педагогикалық зерттеудің нәтижесінің оның түрлеріне сәйкестігін дәлелдеңіз; <b>5.2.</b> Қорғауға ұсынылатын қағидалардың өзара байланысын көрсетіңіз; <b>5.3.</b> Зерттеушінің әдіснамалық мәдениетін негіздеңіз. <b>Бұл нәтижеге жету үшін докторант:</b> - зерттеу нәтижелерінің құрауыштарын белгілейді; - қорғауға ұсынылатын қағидалардың құрылымын және мағынасын пайымдайды; - өзінің докторлық диссертациясы бойынша қорғауға ұсынылатын қағидаларды құрастырады [25; 26].</p>

Профессор Ш. Таубаева өзінің оқулықтарында пәннің іргелі ұғымдарына анықтамаларды ғылыми негіздеп ұсынды. Айталық, оның тұжырымдауына, *педагогика мен білім беру философиясы дегеніміз* – зерттеу пәні педагогика ғылымдары, сондай-ақ жалпы мәдени мәнмәтінде алынған білім беру мәселелері болып табылатын метағылым; *тәрбие философиясы* – тәрбиенің мәнін, оның ұстанымдары мен құндылықтарын жалпы адамзат пен мәдениеттің нақты тарихи және ұлттық бөліктерінің жеке тұлғаның қалыптасуы мен оған мәдени құндылықтарды беру үдерісі барысында өзара әрекеттесуі деп анықтайтын педагогика философиясының саласы; *әлеуметтік тәрбие философиясы* – тәрбиенің әлеуметтануы мен әлеуметтік педагогикалық виктимологияның нәтижелері негізінде халықтың мәдениетін көтеру мақсатындағы тәрбиені қоғам қажеттіліктеріне сай жүргізу логикасын ұсынатын тәрбие философиясының саласы; *педагогиканың философиясы дегеніміз* – педагогиканы зерттеуге қажет философиялық заңдардың, тұғырлардың, ұстанымдардың, категориялардың, әдістердің, философиялық білімдердің (логика, этика, эстетика және т.б.) инновациялық (қайта құрушылық) әлеуетін қолдану жүйесін құрайтын педагогикалық ғылымтану саласы.

### Қорытынды

Жиырма бірінші ғасырдағы білім беру жүйесінің дамуына ықпал ететін ойлау мен іс-әрекет әдіснамасын жүйе негізінде қарастырдық. Қазақстанның жоғары оқу орындарында орын алып келетін сапалы өзгерістер, Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовтің айтуынша, педагогтардың біліктілік көрсеткіштеріне жататын жаңаша жүйелі ойлау логикасы еліміздің

тәуелсіздігін нығайтатын фактор ретінде білім берудің үдемелі дамуын қамтамасыз етеді. Тәуелсіздік тұғырын нығайтатын бүгінгі оқушы ертеңгі жас маманның құзыреттілік сапасы педагогтың жұмысының нақты көрсеткіштерінің бірі.

Тәуелсіз Қазақстанға білікті ұстаз керек. Жастар ел ертеңі десек, олардың азаматтық өмірдегі тиімді қатысу қабілеті өздері өмір сүріп отырған интеллектуалдық ортаға тікелей байланысты. Сондай интеллектуалдық ортаның бірі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жиырма бірінші ғасырдың білім берудегі жүйелі ойлау іс-әрекеті әдіснамасын терең меңгерген педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы. Әлемнің екінші ұстазы, әл-Фарабидің педагогикасында бақытқа жету формуласын іске асыратын адам – дана ұстаз. Ғұлама ұстаз бойында ізеттілік, даналық, асқан пайымдылық, аңғарымпаздық, шыншылдық, ар-ождан тазалығы, қанағатшылдық, тапқырлық, білгірлік, жігерлендіре білушілік, ұстамдылық, ынталылық, шеберлік, табандылық, ниеттің түзу болуы, жан мен тәннің тазалығы, өзін-өзі тәрбиелеу, пайымдағыштық, көрегендік, тапқырлық, парасаттылық сынды қасиеттерді жоғары бағалағандай, болашақ ғалымдардың білімді, ақылды, парасатты да бақытты болуын мақсат еткен педагогтар өздерінің ғылыми еңбектерімен, ұстаздық шеберханаларымен және білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін дамытуды ойластыруымен еліміздің білім беру саясатын жаңа ұрпаққа сындарлы мұра жасауда.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында 80-жылдан аса тарихы бар кафедра ұжымы Қазақстан Республикасының мемлекеттігін нығайтуға аянбай еңбек етіп жүрген профессор Ш. Таубаеваны мақтай да және онымен мақтана да алады.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. 5 қазан 2018, 17:35 «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» ҚР Президентінің Жолдауы//Дереккөз <https://www.primeminister.kz/kz/address>
- 2 Кекілбай Ә. Тіл және тәуелсіздік. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 296 б.
- 3 Әл-Фараби. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары. Азаматтық саясат. Бақытқа жол сілтеу. Бақытқа жету жайында/ «Бағзы замандардан бүгінгі күнге дейінгі қазақ халқының философиялық мұрасы». Жиырма томдық: «Әл-Фараби философиясы». – Астана: Аударма, 2006. – 2 т. – 507 б.
- 4 Таубаева Ш.Т. Әл-Фарабидің педагогикалық тұжырымдамасы// Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Хабаршы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – №1 (62) 2020. – Б.4-20. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz>
- 5 Краткая философская энциклопедия. – М.: Издательская группа «Прогресс» – «Энциклопедия», 1994. – 576 с.
- 6 Кант И. Критика чистого разума / Пер. с нем. Н. Лосского, сверен и отредактирован Ц.Г. Арзаканяном и М.И. Иткиным; примеч. Ц.Г. Арзаканяна. – М.: Эксмо, 2007. – 736 с.
- 5 Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Ойлау теориялары: ізденістер, келелі мәселелер, перспективалар. 9-т. / Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2006. – 464 б.

- 7 Психология: Адамзат ақыл-ойының қазынасы. 10 томдық: Психологиядағы ақыл-ой әрекетін сатылап қалыптастыру теориясы. 1-том. Л.С. Выготский. Мәдени-тарихи тұжырымдама / Жетекшісі – акад. Ә.Н. Нысанбаев. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2005. – 464 б. (7-462).
- 8 Российская педагогическая энциклопедия: В 2-х томах / Гл. редактор А.П. Горкин. – М.: Научное издательство «Большая российская энциклопедия», 1999. – 670 с.
- 9 Канке В.А. Философия науки: краткий энциклопедический словарь / В.А. Канке. – 2-е изд., стер. – М.: Издательство «Омега-Л», 2009. – 328 с.
- 10 Щедровицкий Г.П. Избранные труды. – М., 1995. – С. 297-298.
- 11 Леонтьев А.Н. Проблема деятельности в психологии // Вопросы философии. – 1972. – №9. – С. 95-108.
- 12 Ананьев Б.Г. Психология чувственного познания. – М.: Наука, 2001.
- 13 Муканов М.М. Жас және педагогикалық психология. – Алматы, 247 б.
- 14 Зимняя И.А. Педагогическая психология: учебник. – М.: Логос, 2003. – С.193.
- 15 Жиенбаева С.Н. Мектепалды балаларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі: монография / С.Н. Жиенбаева. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 364 б.
- 16 Мұратбаева Г.А. Кәсіптік педагогика: оқу құралы. – Алматы: «ОНОН» баспасы, 2017. – 230 б.
- 17 Журавлев В.И. Педагогика в системе наук о человеке. – М.: Педагогика, 1990. – 168 с.
- 18 Скалкова Я. и коллектив. Методология и методы педагогического исследования: пер. с чешск. – М.: Педагогика, 1989. – 224 с.
- 19 Сериков В.В. Педагогическая реальность и педагогическое знание. Опыт методологической рефлексии: монография / В.В. Сериков. – М.: Редакционно-издательский дом Российского нового университета, 2018. – 292 с.
- 20 Бордовская Н.В., Розум С.И. Психология и педагогика: учебник для вузов. – СПб.: Питер, 2019. – 624 с.
- 21 Taubayeva Sh. The Correlation Between Educational-Informative Motives and the Reflection as One of the Competents of the Resarch Competence Formation among Future Social Teachers The Social Sciences. – 2016. – N 11 (15). – P. 3774–3777. Co-author: A.K. Zhexembinova, Z. Madaliev.
- 22 Taubayeva Sh. Diagnosis of initial State of Formation of Resarch Coompetence of a Future Social Pedagogue International journal of environmental I Sience education. – 2016. – Vol. 11, N 11. – P. 4699–4705 Co-author: A.K. Zhexembinova, Saeeda Shah
- 23 Таубаева Ш.Т. Педагогиканың философиясы және әдіснамасы: оқулық / ред. басқ. философия ғылымдарының докторы, профессор А.Р. Масалимова. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 388 б.
- 24 Абу Наср Аль-Фараби. Добродетельный город: Философские трактаты. – Алматы: Международный клуб Абая, 2014. – 504 с.
- 25 Методология педагогики: монография / Е.А. Александрова, Р.М. Асадуллин, Е.В. Бережнова. – М.: ИНФРА-М, 2018. – 296 с.
- 26 Бордовская Н.В. Диалектика педагогического исследования: монография / Н.В. Бордовская. – М.: КНОРУС, 2018. – 512 с.

## References

- Abu Nasr Al' Farabi. (2014) Dobrodetel'nyy gorod: Filosofskiye traktaty. Almaty Mezhdunarodnyy klub Abaya [The Virtuous City: Philosophical Treatises.] 504 p. (In Russian)
- Al-Farabi (2006) Qayırımdı qala turǵındarınıń kózqarastarı. Azamattıq sayasat. Baqıtqa jol siltew. Baqıtqa jetwıjayında Baǵzı zamandardan búgingi kúнге deyingi qazaqhalqınıń filosofıyalıq murası. Jırma tomdıq Al-Farabı filosofıyası. [The views of curans cives. Civilis consilium. In via ad beatitudinem,. Fortunate philosophicis hereditate Kazakh populus a Bagz temporibus in hodiernum diem. In viginti volumina: philosophia Al-Farabi] Astana translatio 507 p. (In Kazakh)
- Anan'yev B.G. (2001) Psikhologiya chuvstvennogo pozvaniya. Nauka. [The psychology of sensory cognition] Science, M. 279 p. (In Russian)
- Bordovskaya N.V. (2018) Dialektika pedagogicheskogo issledovaniya monografiya N.V.Bordovskaya. Moskva KNORUS [Dialectics of Pedagogical Research: Monograph] 512 p. (In Russian)
- Bordovskaya N.V., Rozum S.I. (2019) Psikhologiya i pedagogika: Uchebnik dlya vuzov [Psychology and Pedagogy: Textbook for universities.] SPb Piter 624 p. (In Russian)
- Jienbaeva S.N. (2015) Mektepaldı ballarınıń eńbek is-äreketi tájirıbesin qalıptastırwdıń teorıyası men ädistemesi/ Monografiya S.N. Jienbaeva. [Theory and methods of formation of the practice of labor activity of preschool children. Monograph] Almatı Merey baspası 364 p. (In Kazakh)
- Kanke V.A. (2009) Filosofıya nauki kratkiy entsiklopedicheskiy slovar V.A. Kanke. 2-ye izd., ster. M. Izdatel'stvo Omega L [Philosophiae scientia: brevis encyclopedic dictionary V. A. Kanke. 2 ed., ster. – M. Libellorum domus Omega-L] 328 p. (In Russian)
- Kant I. (2007) Kritika chistogo razuma Per. s nem. N. Losskogo sveren i otredaktirovan TS. G. Arzakanyanom i M. I. Itkinym; Primech. TS. G. Arzakanyana. M.Eksmo [Criticism of Pure Reason] 736 p. (In Russian)
- Kekilbay Ä. (2007) Til jáne täwelsizdik. Language and independence Astana. [Language and independence] Er-Däwlet, 296 p. (In Kazakh)
- Kratkaya filosofskaya entsiklopediya (1994) [Brief Encyclopedia of Philosophy] M. Publishing group Progressus – Encyclopedica. 576 p. (In Russian)
- Leont'yev A.N. (1972) Problema deyatel'nosti v psikhologii Voprosy filosofii. [Quaestio de actione in psychologia Quaestiones de philosophia]. №9. pp. 95-108 (In Russian)

- Metodologiya pedagogiki (2018) monografiya Ye.A.Aleksandrova. R.M. Asadullin. Ye.V. Berezhnova. [Methodology of pedagogy: monograph] M. INFRA M 296 p. (In Russian)
- Mukanov M.M. (1980) Jas jāne pedagogikalıq psixologiya. [Age and pedagogical psychology] Almatı 247 p. (In Kazakh)
- Muratbaeva G.A. (2017) Käsiptik pedagogika: oqw quralı. ONON baspası. [Professional pedagogy: textbook] Almatı 230 p. (In Kazakh)
- Nazarbaev N.Ä. 05 Qazan 2018, 17 35 (2018) Qazaqstandıqtardıń äl-awqatınıń öswi: tabıs pen turmıs sapasını arttırw QR Prezidentiniń: Joldawı. Derekköz <https://www.primeminister.kz/kz/address> Address of the President of the Republic of Kazakhstan Growing the Welfare of Kazakhstan. Improving Income and Quality of Life. Source <https://www.primeminister.kz/en/address> (In Kazakh)
- Psixologiya (2005) Adamzat aqıl-oyınıń qazınası. 10 tomdıq; Psixologiyadağı aqıl-oy äreketin satılap qalıptastırw teorıyası. 1 tom. L.S. Vigotskiy. Mädeni-tarixi tujırdama Jetekşisi akad. Ä.N. Nisanbaev. [Psychology: The treasure of the human mind. 10 volumes; The theory of the gradual formation of mental activity in psychology. Volume 1 L.S. Vygotsky. Cultural and historical concept. Supervisor – Acad. A.N. Nisanbaev.] Almaty Taymas baspa üyi 464 p. (In Kazakh)
- Rossiyskaya pedagogicheskaya entsiklopediya (1999) V 2-tomakh. Gl. Redaktor A.P.Gorkin. M. Nauchnoye izdatel'stvo Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya [Russian pedagogical encyclopedia. In 2 volumes. Ch. Editor AP Gorkin. M.: Scientific publishing house "Big Russian encyclopedia".] 670 p. (In Russian)
- Serikov V.V. (2018) Pedagogicheskaya real'nost' i pedagogicheskoye znaniye. Opyt metodologicheskoy refleksii monografiya V.V. Serikov. M. Redaktsionno-izdatel'skiy dom Rossiyskogo novogo universiteta [Pedagogical reality and pedagogical knowledge. The experience of methodological reflection: monograph] 292 p. (In Russian)
- Shchedrovitskiy G.P. (1995) Izbrannyye trudy. [Delectus operator.] M. pp. 297-298. (In Russian)
- Skalkova Y.A i kollektiv (1989). Metodologiya i metody pedagogicheskogo issledovaniya. per. s cheshsk. [Methodology and methods of pedagogical research. translation from Czech] M. Pedagogika 224 p. (In Russian)
- Taubayeva SH. (2016) Vzaimosvyaz' uchebno-poznavatel'nykh motivov i refleksii kak odna iz sostavlyayushchikh formirovaniya issledovatel'skoy kompetentsii budushchikh sotsial'nykh uchiteley Sotsial'nyye nauki [The Correlation Between Educational-Informative Motives and the Reflection as One of the Competents of the Research Competence Formation among Future Social Teachers The Social Sciences.] (In Russian) 11 pp. 3774–3777.
- Taubayeva Sh. T. (2020) Äl-farabıdıń pedagogikalıq tujırdaması. Äl-Farabı atındağı Qazaq ulttıq wñiversiteti. Khabarşı. Pedagogikalıq ǵılmıdar serıyası [Paedagogica conceptus Al-Farabi Al-Farabi Kazakh National University. Praeco. Series Paedagogica Scientiarum.] pp. 4-20. <https://bulletin-orientalism.kaznu.kz> (In Kazakh)
- Taubayeva Sh. (2016) Diagnostika iskhodnogo sostoyaniya formirovaniya issledovatel'skoy kompetentsii budushchego sotsial'nogo pedagoga Mezhdunarodnyy zhurnal ekologicheskogo obrazovaniya [Diagnosis of initial State of Formation of Research Coompetence of a Future Social Pedagogue International journal of environmental I Sience education.] V. 11 № 11. pp. 4699–4705 (In Russian)
- Taubayeva Sh.T. (2019) Pedagogikanıń filosofiyası jāne ädisnaması. Oqwlıq. Redakciyasın basqarǵan filosofiya ǵılmıdarınıń doktorı professor A.R. Masalimova. [Philosophy and methodology of pedagogy. Textbook. Doctor of Philosophy, Professor, AR Masalimova] Almatı Qazaq unıversiteti 388 p.
- Zhuravlev V.I. (1990) Pedagogika v sisteme nauk o cheloveke [Pedagogy in the system of human science] M. Pedagogika p. (In Russian)
- Zimnyaya I.A. (2009) Pedagogicheskaya psixologiya uchebnik. M. Universitetskaya kniga Logos [Educational psychology: textbook. M., University book] 384 p. (In Russian)